

8(01)(092) 10921/874

(574)

Б 78

1100

Мухтар Әуезов

С16.894.342

Б 78

ТВОРЧЕСТВОСЫ
ЖАЙЫНГА
БИБЛИОГРАФИЯЛЫ
КӨРСЕТКІШ



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ М. О. ӘУЕЗОВ
АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

М. Бөжеев

016.294342(9)
Б-78

6

МҰХТАР ӘУЕЗОВ

библиографиялық
көрсеткіш

100-2009

«МЕКТЕП» БАСПАСЫ. АЛМАТЫ — 1966

6-10
34-66 M

Гос. респ. библиотека
КССР им. А. С. Пушкина
Инв. 1309

1. М. О. ӘУЕЗОВ ТУРАЛЫ

Мұхтар Әуезов — қажымас қайрат, үлкен дарын, сарқылмас шабыт, мол парасат, шалқар ой, терең сезім иесі, гуманист жазушы. Оның проза, драма, ғылым, аударма саласында жазып қалдырған еңбектері — қазақ халқы әдебиетінің зор қазынасы. Бұл шолуда жазушы шығармаларының бәріне баға беру мүмкін емес, алайда түсінігіміз үстірт болмау үшін Әуезовтің өмірі, 1917—18 жылдары жариялаған мақалалары, «Еңлік-Кебек», «Абай жолы» және Абай туралы жазған ғылыми еңбегі жөнінде кейбір ойымызды ортаға салмақпыз.

Жас шағынан үнемі үйрену, іздену үстінде — қоғам қайраткері, педагог, жазушы, аудармашы болып көрінген Мұхтар Әуезов өмірінің ақырына дейін осы салаларда қажымай еңбек етті. Батыс, Шығыс классиктері, қазақ халқының ұлы демократтары — Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтан моральдық, эстетикалық, демократтық үлгі алды. Оның ойы сараланып, сөз шеберлігі арта түсуіне әсіресе Абай игі әсер етті.

Бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі қоғам өмірінің қос қыртыс аралығында әдебиет дүниесіне келген Мұхтар Әуезов алғаш жазған көркем шығармаларының өзімен өрелі, байсалды, дарынды жазушы екенін аңғартқан еді.

Мұхтар Әуезов шығармаларында қазақ өмірінің алуан көріністері, түрлі құбылыстары мол қамтылған.

Автор аз сөз, шағын пейзаж, ықшамды суреттерді ұтымды пайдаланудың тәсіліне шебер. Оның шығармаларынан өз ара үйлеспей жүрген көріністерді, оқиғаларды, фактілерді ұшыратпайсыз, жазушының жазғандары өмірдің өзінен алынған.

Оның әңгімелері, романдары, пьесалары — қазақ өмірінің нақтылы құбылыстарын, табиғи қалпын көрсетеді. Жеке кейіпкерлердің сөздері солардың сана-сезіміне, психологиялық ерекшелігіне, іс-әрекетіне, тәлім-тәрбиесіне сай келеді, бұлар өмірдің бір бөлшегі, қоғам уәкілі ретінде көзге түседі.

Кемеңгер жазушы түрлі қоғамдық сатыдан өтті, алуан өмірдің ойын-қырын байымдады.

✧ Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1897 жылы 28 сентябрь күні дүниеге келді. Үй ішінде «ең кішкентай, момын да ерке болған қоңыр бала» — Мұхтар атасы Әуез, әжесі Дінәсілдің аялаған немересі болып өседі. Мұхтардың туған жері — Семей облысы, Абай ауданы. Оның жас шағында да, кейін де көп аралап көзінен таса етпеген, бақытты, шабытты ыстық күндерін өткізген, талай құпиясын ашқан, өнер әлеміне ұшырған аймағы — қазақ халқының байтақ өлкесі. Ол «Еңлік-Кебек», «Абай жолы», «Қараш-қараш оқиғасы», «Көксе-рек» сияқты шығармаларын осы өзі туған өлкеден тапқан.

Мұхтардың «Қоңыр мұңлы туған анасы» Нұржамал — Ұлы жүз Үйсін, шала қазақ атанған атадан. Бұл шала қазақтардың арғы нәсілі қысымшылық көріп, Үйсіндер арасына қашып келген, алты өзбек екен. Нұржамал үш қызды болып қырыққа тақаған шағында Мұхтарды көтеріпті. Жалғыз ұл Мұхтар ерке болып өседі. Кішкентай кезінде ауыл арасындағы соқтықпалы сотқар балаларға есесі кете беріпті. Анасы Нұржамал даладан үйге жылап келген баласын «Қарашөңке момыным» деп уатады екен.

Жазушының әкесі Омархан — Әуездің байымды азамат етіп өсірген баласы. Омархан сөзге ыспар, іске ширақ, еңбекқор адам болыпты. Мұхтардың үшінші атасы Бердіқожаның қызы Нұрғаным Құнанбайға ұзатылған. Бердіқожаның баласы Әуез — Абай шығармаларын жұрт арасына таратушылардың бірі. Абай кейде Әуез-

ден арап, парсы сөздерінің аудармасын сұрап алады екен. Кейін келе Құнанбай, Бердіқожа балалары құдаанда болып, араласып кетеді. Әуездің балалары Омархан, Ахмет Абай балаларымен алыс-беріс жасаған, достық қарым-қатынаста болған.

Мұхтардың әжесі Дінәсіл ауыл адамдары құрметтеп «кәрі апаң» атандырған ақжарқын, сөзшең, әңгімешіл адам екен. Бала Мұхтар әжесінен, әсіресе белгілі ертегіші Баймағамбеттен талай қызықты аңыздар, әңгімелер естиді.

Сол кезде сахара қазақтары арасына тараған ойынасауық, мәдениет кештерінің талайына Мұхтар да қатысқан, алты бақан тепкен, асық, дейбы, тоғыз құмалақ ойнаған, ойын-тойларда, астарда болған. Он екі жасында домбыра, гитар тартып үйренеді. Ән салып, күй тартқандардың қасында көп болып, ит жүгіртіп, құс салу ісіне құмартқан. Кейде ұзақ күн аң аулап, әбден шаршап жүрсе де қайтпай, қасындағы жолдастарын титықтатып, үйге азар оралады екен. Оның «Аңшылыққа құмарлығы сонша, бір жылы қыстың ең бір қарлы кезі — қарлы, боранды ақпан айында сонау Шыңғыстың сыртындағы Бақанас, Байқошқар жаққа салбурында жүрген атақты құсбегі Мұздыбай мен Шәкерімге Бауырдан әдейі барып, олардың бүркіт салғанын көріп қайтты. Кейін сондағы көргенін құмарта суреттеп, жырдай ғып айтатын-ды»¹.

Мұхтар оқуды әліп-биден, әпжаттан бастады. Құран, Мұхтасар, Хиссәсүл әнбиенің беттеріне талай үңілді, арап, парсы, түркі тілдерін үйренуге құмартты. Ол кезде «әліп, би, ти, си» деп жылдар өткізіп, қат-қара танымаған шәкірттер бола беретін. Ұқыпты, зерек балалар ғана сабағын азар үлгіретін. Олардан молдалар, «ат басындай көк құранды» бастан аяқ жатқа айтатын қарилер, не ишандар, хазреттер, дәмоллалар шығатын.

Әуез балаларын, немерелерін алдымен өзі оқытады екен. Ол кісінің бір тәуірі — шәкірттерін тек діни кітаптар соңына салып қоймай, сонымен қоса, Абай шығармаларын да жаттатқан. Мұхтардың сабақты ауырлап,

¹ Ғ. Сармурзин. М. О. Әуезов туралы естеліктер, ЛММА, п. № 367, 117-бет.

созалаңдап жүргенін сезген әжесі Дінәсіл: «Бес жастағы баланың не қауқары бар, әзірше асықпасаң қайтеді» деп, немересіне ара түссе де, Әуез көнбейді. Ол осы бетпен «өз оқуын» тамамдатқанша Мұхтарды оқыта береді. Мұхтар Самарбай молда, Камалиддин хазірет алдын көреді. Самарбай арапша, парсыша сауаты бар, өнер дүниесінен де хабардар, Абай шығармаларын сарынға салып оқып беруді машық еткен адам екен.

Мұсылманша дәріс алып жүрген кезінде Мұхтар көп кітаптар, шығармалар оқып үлгереді. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Еңлік — Кебек», «Қалқаман — Мамыр», «Қыз Жібек», «Бозжігіт», «Біржан — Сара», «Ер Тарғынды» оқиды. Пушкин, Лермонтовпен таиысады. «Мың бір түн» ертегілерін сан рет естиді. Фердауси, Низами, Фзули, Новаи бәйіттерінен де хабарсыз болмайды. Бала Мұхтар Шығыс, Батыс ақындарын меңгеріп кетпесе де, олардың шығармаларынан көркем нәр тауып, ақындық қиялын сол кезде-ақ жетілте бастайды.

Бұдан әрі ағасы Қасымбек Мұхтарды Камалиддин медресесінен шығарып, бес кластық орыс мектебіне түсіреді. Бұл іс оған оңайға түспейді, өйткені ол кезде баласын орысша оқытуды шам көретін қазақтар аз еместі. Олар мұндай мектепті діннен шығару үшін, «Ғайсаның қара дінін Мұхаммедтің ақ дініне айырбастау» үшін әдейі ашады деп те үрейленетін. Мектепке баратын балалар разверстка бойынша қабылданатын. Баратын бала табылмаса, нашар үйдің баласын пұлға жалдап, не зорлап жіберетін. Осыны ойлаған Әуез бес класты орыс мектебіне түсіруге Мұхтарды қимайды. Бірақ Қасымбек болмай, әкесін айтқанына көндіреді. Мұхтарды орыс мектебіне орналастырады.

Мұхтар шәкірт кезінен бастап-ақ халық аузындағы асыл сөздерді жинап, жадына тоқиды, қазақ өмірінің ертедегі өмір-тіршілігімен хабардар болуға құмартады. Жазда, көшпелі елінде демалысын өткізген кезінде, көп білетін көнелердің, ақындардың айтқандарын көңілге тоқиды. Мұхтардың ел жөнінде көп мағлұмат алған адамдары арасында — қазақ туралы көп білетін, Абай жайын жақсы білетін Құдайбердіұлы Шәкерім, Жамантайұлы Көкбай, Ысқақұлы Әрхам, Құлыкеұлы Жиренше, Ақбердіұлы Өміртай, Қорамжанұлы Қатпа бол-

ған. Өзгелердің білгенін айтқызып тыңдауды ұнатқан Мұхтар өзі де білгенін айтып беру ісіне машықтанады екен.

Қырға шыққан кездерінде Мұхтар домбырашы, гитаршы, әнші, сауықшыл, күлдіргі адамдардың стихиялық түрде көрінген артистік өнерін ұйымдастырып отырған, әдеби кештер өткізген. Мұндай кештерге қатысқандар Абай өлеңдерін, не «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек» сияқты жырларды мақамға салып, оқып та береді екен. Осы кезді еске алған Құлатай Ақбердин: «Шыңғыс болысы тұрғындары арасында әріден келе жатқан бір салт бар еді. Оның қашаннан қалыптасқанын білмеймін. Сол салт бойынша, дауыстап оқуға арналған кештер ұйымдастырылатын, Бұл кештерге тарихи поэмаларды әндетіп оқитын әр ауылдың арнаулы оқығыштары қатынасатын еді», — дейді.

5 кластық мектепті бітіргеннен кейін Мұхтар 1916 жылы Семей семинариясының бірінші класында оқиды. Мұндағы оқушылар даярлығы, жастары жағынан әдеттегі мектеп шәкірттеріне ұқсамаған. Олардың ішінде Мұхтар орысшасы мен мұсылманшасын қосқанда он жылдай оқыған. Сол кездегі Мұхтар туралы В. Попов былай деп жазады: «Қашан да байсалды, ибалы, жолдастары мен оқытушылары алдында ұстамды, айдынды (иә, иә, шын айдынды) ол өз класында да басқалардан дара көрінетін және бірге оқыған шәкірттер арасында өте беделді еді»¹.

Мұхтар Әуезов 1917 жылдан бастап газет беттеріне мақалаларын жариялайды. 1918 жылы «Абай» журналын шығарып тұрушылар ішінде Мұхтар Әуезовтен басқа, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Бейімбет Майлин, Сәбит Дөнентаевтар болды. Ол қолына қалам ұстап, баспа бетін алғаш көрген кезінің өзінде маңызды мәселелер туралы ойын ортаға салды. «Адамдық негізі — әйел» (1917), «Қайсысын қолданамыз» (1917), «Ғылым» (1918), «Мәдениет әм ұлт» (1918), «Оқу әдісі» (1918) деген мақалалар жариялады.

¹ В. Попов. М. Әуезов туралы естеліктер, ЛММА, п. № 367, 63-бет.

Мұхтар Әуезов 1920—1922 жылдары «Семей губерниясының төңкеріс комитеті және ҚазЦИК президиумының мүшесі» болып қызмет істейді. Семей облысы «атқару комитетінің бастығы» болып тұрған кезінде Мұхтармен істес болған В. Попов: Мұхтар «Әкімшілік орында болған кезінде қабілетті, мемлекет қайраткерлеріне тән мінез аңғартқан еді»¹ — дейді.

Мұхтардың баспа бетін көрген көркем шығармаларының тұңғышы «Қорғансыздың күні» Арғын деген құпия атпен 1921 жылы «Қызыл Қазақстан» журналында шыққан. Заманына қарай шебер жазылған, ескі өмірдің сұрықсыз бейнесін көрсеткен, озбырларды аластаған бұл әңгіме — қазақ прозасының өркендеуіне, қалыптасуына көмектескен, жазушының сәтті қадамының Сайғағы болған шығарма. Мұхтар Арғын, Жаяусал, Қосқыр, Айғақ деген құпия атпен 1921—1926 жылдары «Қызыл Қазақстан», «Шолпан», «Сана», «Таң» журналдары, «Қазақ тілі» бетінде түрлі әңгімелер жарияланды. Олардың ішінде: «Оқыған азамат» (1923), «Жас жүректер» (1923), «Заман еркесі» (1923), «Қанды түн», «Ескі індет» (1926) бар. Осы әңгімелермен қатар «Еңлік — Кебек» (1922), «Бәйбіше, тоқал» (1923) пьесалары да шықты.

Әуезов 1923 жылы Ленинградтың мемлекеттік университетінің филологтар дайындайтын факультетіне түсіп, 1928 жылы бітірді.

Оқу жолына сарыла көп түскен Мұхтар 1928—30 жылдары Орта Азия университетінің шығыс факультеті жанындағы аспирантурада оқиды. Бұдан кейінгі жылдары ҚазПИде, ҚазГУ де сабақ берді. Ғылымдық, педагогтық, қоғамдық жұмысын жазушылығымен қатар қайыспай алып жүре білген ол — профессор, доктор, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі атағын алды. Филология ғылымдарынан 22 дей докторлық, кандидаттық диссертация қорғағандардың жетекшісі не оппоненті болды. Совет Жазушылар одағы басқармасы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі болды.

¹ В. Попов. М. О. Әуезов туралы естеліктер.— ЛММА, п. № 367, 64-бет.

Мәдениет, әдебиет саласында зор еңбек еткен Мұхтар Омарханұлы Әуезовке 1949 жылы «Абай» романы үшін Мемлекеттік сыйлық, 1959 жылы «Абай жолы» үшін Лениндік сыйлық берілді. Ол екі рет Еңбек Қызыл ту, бір рет Ленин орденін алды. Бейбітшілікті қорғайтын совет комитетінің және Лениндік сыйлық комитетінің мүшесі болып та күрделі еңбек сіңірді.

Мұхтар жазушылық, ғылымдық, педагогтық жұмыстарымен бірге, аударма мәселесімен де аз айналыспаған. Оның бұл саладағы жұмысы — қазақ әдебиетіне қосылған үлкен үлес. 1918—1952 жылдар арасында Мұхтар жариялаған аудармалар ішінде: «Будда» (1918), «Қорқыныш» (1934), «Ревизор» (1937), «Ақ сүйектер» (1937), «Той тарқар» (1938), «Отелло» (1939), «Дворян ұясы» (1952) т. т. бар.)

Ол оқулықтар, хрестоматиялар, бірінші класс шәкірттеріне арналған әліппелер де жазып шығарды. Бұл кітаптардың біразын өзі жазса, бірсыпырасын басқа авторлармен қосылып жазды. Қазақстанның ғылыми, мәдени орындарының әр кезде жариялаған көлемді-көлемді еңбектері, қалың-қалың жинақтарының талайы Мұхтар Әуезовтің қатысуымен шығып отырды.)

Қазақ халқы әдебиетінің зор туындысы «Абай жолының» 1937—1965 жылдары тараудай, жеке-жеке кітаптай басылып шыққан саны екі жүзден асты, шығармалары 27 тілге аударылды. СССР халықтарының талайы Мұхтар шығармасын өз тілінде оқиды, «Абай жолы» ағылшын, француз, неміс, поляк, румын, грек, венгер, вьетнам, чех, болгар тілдеріне аударылды. Бұл роман қазақ халқын, әдебиетін әлем деңгейіне көтерді.

Мұхтар Әуезовтің жазушылық өнерін ел ішіне ерте жайған, оның көркем өнер дүниесінен елеулі орын алуының айғағы болған таңдамалы шығармаларының бірі — «Еңлік — Кебек».]

«Еңлік — Кебектің» жеті нұсқасы бар. Бұлардың екеуі әңгіме, екеуі поэма, біреуі интермедия, екеуі пьеса. Әңгімелердің біріншісі 1892 жылы «Қазақ халқының есінен кетпей жүрген сөз»; екіншісі 1900 жылы «Қазақ тұрмысынан хикая» деген атпен «Дала уалаятының газеті» беттерінде жарияланды. Үшіншісі Мағауия Абайұлының «Еңлік — Кебек» поэмасы деп аталатын нұсқа-

сы. «Еңлік — Кебек» оқиғасына арналған 5-нұсқа «Жолсыз жаза» деп аталады.)

М. О. Әуезов жазған «Еңлік — Кебектің» алғашқысы көркем интермедия түрінде 1917 жылы түптестіріп тіккен киіз үйде, Абай аулында қойылды. Пьесаның қойылуы: сахнадан адамдар әрекетін көрмеген сахара қазақтары үшін бір жаңалық болады. Кебек пен Еңліктің ғибратты ісі, терең махаббаты сырына енді қанған көрермендер аяулы адамдарға қастық еткендерді айыптап тарқасады. Режиссерлік, суфлерлік міндеттердің бәрін автордың өзі атқарады. Еңлік болып сахнаға шығатын бір әйел табылмай, бұл рольді Мұхтардың ағасы Ахмет Әуезов, Жапал ролін Абайдың немересі Жебрейіл ойнайды. Ойнаушылар кейде суфлерді тыңдамай өздерінше сөйлеп кетеді, осы орайда ойнаушылар аузынан шыққан орынды, ұтымды, шебер сөздер үлгісін кейін автор 1922 жылы жариялаған пьесасына енгізеді.

«Еңлік — Кебектің» толығы түскен бір шағын 1922 жылдары жазылған нұсқадан көреміз. Мұнда сюжет, композиция, конфликт, диалог, монолог, интрига барлығы да көркем пьесаға тән қалыпта, олардың бір-біріне тіпті, үйлеспей шанжау-жанжау тұрғаны да байқалмайды. Пьесаның тынысы кеңейіп, шығармаға тың персонаждар қосылады, оқиға қоюланып, кейіпкерлердің қоғамдық, халықтық бейнесі айқындала түседі.

М. О. Әуезов «Еңлік — Кебектің» көне нұсқаларын дұрыс пайдаланған, әңгіменің халық сана-сезіміне ұялаған негізгі сарынын бұзып жібермейді, орынсыз жасанды оқиға көрінбейді. Автор халық қазынасына айналған әдеби әңгімені жаңғыртып, көркемдік, реалистік өресін өсіріп, халыққа қайта қайырады, халық сүйікті ұлы мен қызын сахнадан көріп, қошеметпен қарсы алады.)

Бұл нұсқадағы кейіпкерлер долбарлай салған мүсіндер емес, шыны, сыры ашыла түскен жанды жандар еді. Идеялық, көркемдік аясы арта түскен бұл шығармада автор сол кездегі қазақ әдебиеті өресі белгілеген мүмкіншілікті қапысыз пайдаланған.

«Еңлік — Кебекте» баяндалған кейіпкерлердің бірте-бірте толығып, шыңдалып, прототиптік қалпынан әдеби кейіпкерлер деңгейіне көтерілу мерзімі 64 жылға созылды. 1892 жылы мәлім болған «Еңлік — Кебек»

1900, 1912, 1917, 1922, 1956 жылдары түрлі өңдеулерден өтеді.

Өңдеу көрген нұсқалар бір-біріне, тіпті, ұқсамайды, болмаса, олар айыра танығысыз деуге болмайды. 1922 жылғы нұсқадағы Абыздың Кебекке бал ашуы, олардың бір-біріне айтқан сөздері 1912 жылғы нұсқаны еске салады. Мұнда да Абыз бал ашқанда әбігерленіп, қатты қиналып қалады, Кебектің биік қабақ сұрлау қызға кез болатыны сөз болады. 1922 жылғы нұсқада Еңліктің әкесі, шешесі, Абыздың қонақшыл, ырымшыл, ақылгөй бәйбішесі Таңшолпан көрсетілетін, ал соңғы нұсқада бұлардың бірде-бірі жоқ. 1922 жылғы «Еңлік — Кебекте» көрсетілген Жапал — соңғы нұсқада, пьесаға көрік берген, өзекті, өрелі кейіпкерлердің бірі. 1956 жылғы нұсқада кесек-кесек кейіпкерлер, айқын-айқын суреттер, шытырман тартыстар, алуан интрига, контраст, түрлі конфликт — барлығы өз ара шебер үйлесім тауып бір тұтас әдеби тұлға жасайды.

Пьесада редакциялық өзгерістерді де аз ұшыратпайсыз. 1922 жылғы нұсқадағы, «Келер деп кезін тосып әлі шығар», (44-б.) 1956 жылғыда «уәделі сәтті тосып әлі шығар» деп өзгертілсе, 1922 жылғы Абыз Есенге: «Батыр! Қайратың адам дұспаны арыстанға біткен қайратпен тең екен. Төңірегіңді торып жүрген кәпірді көрмей, іздеген жауың мұсылман баласы болса, өрісің ұзақ болмас»¹ десе, 1956 жылғы нұсқадағы Абыз: «Батыр десем... белге шықпай ойда ойнақтар бейпіл ме едің? Азамат десем, ауыл үйдің тентегі ме едің? Мақтамаймын Кебекті, құптамаймын сені де... Төңірегіңді торыған жатты көрмей, жағаласар жауың жақының болыпты»², — дейді. Осы үзінділерді салыстырудан шығарманың сөздері өзгеріп, көркемденіп қана қоймай, оның идеялық сарыны да жаңғырған. Өйткені бұрынғы Абыздан соңғы Абыздың сөзі әлде қайда салмақтырақ, бұл Абыз — айтқанына халықтық, әлеуметтік мән бере сөйлейтін Абыз.

1922 жылғы Абыз рушылдықтан арылмаған, батагөйлігін місе еткен, бір рудың мерейі үстем болуды

¹ М. Әуезов. Еңлік-Кебек, 1922, 14-бет.

² Еңлік-Кебек, ЛММА, п. № 53, 8-бет.

өзіне қанағат еткендей. «Жаратқанның жарлығына ризамын, аз ауыл Тобықтының алақанына салған батагөйі қылды... Ел бастаған қабырғалы билерім, қол бастаған батырларым, асқар белдерім оң батамды алған жолы жарға жығылған емес»¹, — деп насаттанады. Ол Кебектің келбетіне қызыға қараған қамқор қарт болып бір көрінсе де, 1956 жылғы нұсқадағыдай элеуметтік еңсесі биік емес. Соңғы Абыз шерленген, асыл арман орындалар шақ күткендей. Кейде, шөл жазира шарлап, желмаямен жиһан кезген жалпыға бірдей жақсы, жайлы өмір іздеген, жерұйық көрмек. Тіпті, күллі жан иесіне жаны ашыған, «аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтіп күн көрер? Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер?» — деп күйзелген Асанға да ұқсап кетеді. Асанша толғайды:

Алданар жоқ, арман жоқ,
Кәрің қайтіп күн көрер?!
Бәріңнің де нәрің жоқ,
Елім қайтіп күн көрер?!² —

дейді. Бұл Абыз заманына сын көзімен қараған, суық билерден түңілген, келешекке үңілген жан сияқты. Немежелері, шөберелеріне арнаған бір өсиетін Жапалға айтқан Абыз: «Ақтап өтсін арыстарым арманын», Еңлік пен Кебектің гибратты ісі ұмыт қалмасын, соны ұрпаққа жеткізіп осыны «жадыға тұт» дейді.

М. О. Әуезов Еңлік, Кебек, Есен үшеуі кездескен сценада айрықша бір шеберлік көрсетеді. Осы бір шағын суреттен Еңліктің түрлі мінездері ап-айқын ашылып қалады, Есеннің оғаш сөзділігі де, Кебектің кім екені де осы эпизодтан байқалады. «Мен үшін таласпаңдар, арандасу сендерге де, маған да абырой емес» деп тоқтау айтқан Еңліктің аузынан аталы сөз шыққан ақылды қыз екені де осы жолы көрінеді.

1922 жылғы Кеңгірбай тастай түйіліп, кешпес кек, қатты арынмен кіжініп, келе жатқан аямас жау Найман-

¹ Еңлік-Кебек, 1922, 1-бет.

² Еңлік-Кебек, АММА, п. № 53.

дарға төтеп берер күш таппай күйзеледі. «Мына жотасы көрінген, екі сөздің екеуі де біздің елге жайсыз. Бірін ұстасаң, елдің сағы сынады, бірін ұстасаң, зықысы шығады»¹ — дейді. Ол Тобықтыны дүрбелеңнен, шабыншылықтан аман алып қалу үшін, Кебекті лажсыз шығарып береді. «Найман кегі оңай емес, салмағы зор. Кебек сынды батырыма қатер көп, аз ауыл Тобықтыма қамқа болған ардагерім, менің атам Әнет емес пе? Ел тыныштығы үшін нені құрбан қылмады. Кебекті көрсе-темін»², — дейді.

Соңғы нұсқада Кеңгірбай бұрынғы қалпынан өзгерген. Бұл Кеңгірбай — екі сөзді, екі істі, Кебекті ұстатушылардың бірі. «Кебекті бермеу керек» деген Қарамендені, «Сайраған тіліңді қайтейін» деп кекетіп тастайды. Абыздың да адал сөзін өрге бастырмайды, оны үйден қудырады. Қаһарлы би екенін танытып: «Шығар, шығар... Мынау екі қаңбақ шалыңды!.. Бар... бар... Есіттім үндеріңді. Шығар! Шақырып бер маған Еспенбетті»,³ — деп бұйырады. Кеңгірбайдың бұл жолы айтқан қатал билігі:

«Еспенбет. Арма асыл би!

Би. Бар бол, досым би» деген құпиялы келісімімен тынады.

Екі ұдай елдің бір жағында жүрген бидің бірі — Еспенбет. Ол Наймандар сөзін ұстаған ру басы сөзуар би есебінде көрсетілмек. Оның бір беткей, қыңыр, келелі сөзге көнбейтін қырыс еместігі байқалады. Еспенбеттің өзінше әділ болып та көрінетін мезеттері бар. Еңлік пен Кебекті ауыр үкімнен аман алып қалу — азаматтық борыш, жауласпай, жағаласпай бітісу жөн деген Қарамендені қостайды. Қараменде сөзіне көнбеген Есенге: «Менің би деген атым бар, ылғи кері тартып кесір шығатын қарғыс атты мен-ақ ала берем бе?!»⁴ — деп ашу шақырады. Еспенбет Есеннің өліміне берген бағасында да өзінің тағы бір қырын көрсеткендей. Арысым-ай десіп, аруақ шақырғандарды басып тастайды. «Есен бұл күнге

¹ Еңлік-Кебек, 1922, 53-бет.

² Еңлік-Кебек, 1922, 74-бет.

³ Еңлік-Кебек, ЛММА, 1, п. 53, 47-бет.

⁴ Еңлік-Кебек, ЛММА, п. № 53, 42-бет.

дейін Найманның батыры болса, қазір де Тобықтының жығылған жығасын қайта тұрғызған Найманның біршіріген жұмыртқасы, өлсе өле берсін, жекпе-жекке шыққандағы тапқаны ғой»,— дейді.

1922 жылғы нұсқада жағымды кейіпкер ретінде көзге түскен Қараменде, соңғы нұсқада бұрынғы дәрежесінен түсіп қалады. Қараменде енді бер жағы болмаса, ар жағы әлсіз, көпірте сөйлеп көлгірсіген, Кебек пен Еңлікті іс жүзінде қорғаудың қамын шындап ойламаған, болбыр би болып та көрінгендей. Наймандар жасанып келгенде, оның топқа сопиып жалғыз келуі Кеңгірбайға, Абызға да күдікті көрінеді.

«Еңлік — Кебектің» әр нұсқасынан елеулі орын алған адамдар Еңлік пен Кебек. Олар заманының ер жүрек, адал уәкілдері ретінде бейнеленеді. Бұл кейіпкерлер — қазақ драматургиясында жасалған сом тұлғалардың бірі. Пьесаның өн бойында Еңлік пен Кебектің асыл арманын, терең махаббатын көрсететін жүрек жарып шыққан сөздер мол. Кебектің Еңлікті алып кетпекке даярланарда бастағалы тұрған қауіпті де, жауапты істі барлай келіп: «Тас қияға қолым жетті. Тартынам деп жеткем жоқ... Қиын белге мен бассам сыналар жерде жұртым да тұр... Бұзарың мен сотқарың емес ем. Ала көңіл арамдығым жоқ еді. Жазығым жар сүйгенім болса, бердім барды Еңліктің жолына»¹,— деп толғауынан Еңлік үшін, әділдік үшін аямасқа бекінгені аңғарылады. Кебекке қосылып, бір арманына енді жеткен, жарқын өмір күткен Еңлік: «Жарқырап бағым туғандай, жалғыз жарығым туыпты... Аз өмірде шақ тілегім бар еді. Бақытым, басшым да өзің бола гөр, жалғыз жұлдызым, жарығым»,— дейді.

Тұтас тұлға ретінде бейнеленбек Кебектің бір мезет болса да қия басқан кезі бар. Ол қалың қолдың қаптап келіп қалғанын біле тұра, Еңлік үшін, жас бала үшін істің қауіпсіз жағын таңдаудан бас тартқандай. Еңлік пен Кебектің ғазиз жандар екенімен есептеспей, оқ атпай, мерт етпей тынбайтын, төнген жаудың қаһарлы күші, қара ниетіне әлі де жете түсінбегендей, өзін-өзі бос емексіткендей. Қастығын асырған суық билер тобына

¹ Еңлік-Кебек, ЛММА, п. № 53, 25-бет.

текке өкпе шағады? Бос назаланып: «Кебектің дәурені өткен. Оның елге керегі жоқ, оның орнына — қуыс қурай», — дейді. Осылай бір толқыған Кебек осы ойында бекіп қалмайды. Еңліктің есті сөзі оны дұрыс жолға мезгейді. Енді Кебек: «Шын айтасың ба, сен де тілейсің бе? Олай болса дайындалыңдар», егестің ебін ақылмен табайық, кетейік дейді.

Кінәсы жоқ екі жастың ауыл-аймақ, ел ішінен сая таппай нәрестесін құшақтап, жапан түзде жүрген шағы өте аянышты. Заманының әділетсіздігі, дүлей күші — барлығы Еңлік пен Кебектің басына төнеді. Осынау бір қысылшаң шақта баласының қамын ойлап, күйзелген Еңлік пен Кебектің аналық, аталық таза мейірімі барынша сыртқа шығады. Олар өздерінің енді өлімнен құтылмайтынына бой ұсынса да, баланың қиянат көрмеуін тілейді.

Салыстырылған түрлі үлгілерге қарағанда «Еңлік — Кебектің» идеялық, реалистік көркемдік өреге жетіп, кемелденген кезін 1956 жылғы нұсқадан көресіз. Бұрын прототиптік елес берген кей персонаждар соңғы нұсқада жан-жақты терең бейнеленген көркем кейіпкер дәрежесіне көтерілген. Алғашқы нұсқалардағы Абызға: «Түсі суық» жыбырлаған темір масағы бар қобызын тартқан шақта «ешкім шыдай алмай қашып кетеді екен, осы күнде ондай ойнауды ешкім білмейді» деген сияқты, тек жай бақсыларға айтылатын қошемет білдірілсе, соңғы нұсқадағы Абыз — әлеуметтік еңсесі биік, көне кездің көрнекті уәкілдерінің бірі, заманының қараңғылығын, әділетсіздігін көріп, күрсінген ақылгөй қарт. Алғашқы нұсқада Еңлік туралы: «ұзын бойлы, ақ киіктей, шашы қарғаның қанатындай қара» деген сияқты бірер сөз айтылса, соңғы нұсқада Еңліктің ғибратты ісі, терең махаббаты, асыл арманы, ерлігі көрсетілген. Көнерген заң, тозған салт, тулағын сүйреткен суық билердің өнегесіз дүлей істері әшкереленген.

* * *

Мұхтар Әуезовтің қазақ өмірі құбылыстарын түбегейлі зерттеп, көп жылдар еңбектеніп, мол ойланып жаз-

ған шығармасы — «Абай жолы». Мұнда қазақ халқының өткендегі тұтастай бір дәуірі терең тексеріліп, оның түкпір-түкпірі шыншылдықпен, шебер көрсетілген. Алдыңыздан барлық өзгешеліктерімен бір өмір өтеді. Жарқын болашаққа ұмтылған демократиялық ой уәкілдерін және тарих жолынан сырыла бастаған кертартпаларды көресіз. Автор өмір оқиғаларын, фактілерін жай тізе бермейді, шығарманың идеялық, көркемдік, тарихтық, халықтық маңызын арттыруға қажетті деректерді сұрыптайды. Ел неден жиренді, нені тіледі, соларды баяндайды.

Абай тағы басқа көптеген адамдар туралы документтер не дәлді естеліктер, күнделік дәптерлер болмаған. Құнанбай, Абай, Бегеш, Жиренше, Оразбай, Базаралы тағы тағылар жайында, олардың өзін, ісін, заманын жақсы білетін, көп білетін көнелер, ақылгөй ақсақалдар, халық шежіресі қариялардың айтқандарын әр кезде жалықпай блокнотқа жазып отырған. «Жас шағымда, Абайдың әйелі Әйгерімнен естіген сөздерім, Абайдың іні-досы Кәкітай, Көкбай, Мұқа сияқты кісілерден естігенім романды шындық мәліметтермен толықтыра түсуге көп себеп болды. Абайдың әкесі Құнанбаймен көп алысқан Жігітек сияқты рулардың қарт-қариясымен де көп кездескенім бар. Абайдың өмір бойы досы болып өткен ертегіші Баймағамбет те көп қызық жайларды баян еткен еді»¹, — дейді Мұхтар. Әрине, жазушының Абай, Құнанбай, Бегеш тағы тағылар туралы жұрт аузынан алған мағлұматтары бір мәндес бола бермеген. Сөз болған адамдар жайы әр түрлі бағаланған, бірде мақталса, бірде датталған. Осылардың бәрін сарапқа салып, дұрыс қорытынды жасау, керектілерін шығармаға енгізу, оларға көркемдік сипат беру, жазушыдан үлкен дарын керек еткен.)

Ел арасына жайылған әңгіме бойынша, Қодар жұрт алдында айыпты, ол өз келініне қиянат еткен, шарифат жолынан шыққан ұятты адам, оның мойнында кешілмес күнә бар, сондықтан Қодар өлімге бұйырылады. Құдай-бердіұлы Шәкерім жазған шығармада да Қодар ақ емес. Ал Мұхтар шығармасындағы Қодар — Құнанбайдың

¹ М. О. Әуезов, ЛММА, п. № 202, 5-бет.

арам ойынан туған қатал әмірдің құрбаны, жазықсыз жан. Бұған қарағанда, Мұхтар ел ішінен жинаған әңгімелердің бәрін сол күйінде пайдалана бермеген. Олардың кейін жұрт айтуынша баяндаса, кейін өзгерткен.

Мұхтар ел ішіне тараған өлең, мақал, мәтел, қанатты сөздер, аңыздарды ұдайы жинап, олардың қажеттілерін шығармасына пайдаланған. Бөжейге бата оқи келген Құнанбай алдында Бөжей қыздарының:

Жау боп шықты Ырғызбай,
Айыпқа бердің бір қызды-ай.
Оның аты — Құнанбай
Жүйріктігі құландай,
Шұбарлығы жыландай...¹

деген сөздері, Сарыапанның қыздарға берген жауабы ауыздан алған күйінде берілген. Ауыздан алынған: «Кей аңғал аузымен айды алады, қолымен қос аяқ соға алмайды» деген сөздерді жаңғыртып, Абай дұспандарының қос аяқ соға алмайтын башақ жандар екенін аңғарта айтқан Бегеш би сөзі етеді.

Пәлен айтты, түген айтты дегендер, рулар ішінде қандай айтыс-тартыс болған, олар қандай жерлерді мекендеген, кейіпкерлердің ісі, түсі туралы не айтылған — барлығы қағазға түседі. Осының бір мысалын мына сөздерден көресіз: «Оразбай — ақшыл, Медеуге ұқсас, семізше, ақ көз соқыр, сақалы шамалы, ер пішінді кісі»². «Жиришенің сақалы үлкен, беті, көзі, мұрны томпақ, қалжыңбас, күлегеш, аузы тоқтамайтын»³.

Қазақ халқының өмірі терең баяндалған «Абай жолында» заман уәкілдерінің талайы ісі мен әрекеті сапырылыса өтіп жатады. Қоғам құбылыстарын бойына мол сыйғызған бұл эпопея, елдің рухани үлгісі болған Абайдың өмірі, үміті, арманы, айтысы, тартысы, халқына еткен еңбегін сөз етеді. Халық қамқоры, «қалың елім қазағым» деген Абайдың асыл ойы — адал жандардың

¹ М. Әуезов, Абай, I кітап, 1955, 211-бет.

² М. О. Әуезов, ЛММА, п. 29, 166 бет.

³ Сонда, 153-бет.

көкірегіне ұялап, сана-сезімін билеп, болашаққа мегзегендей. «Шабытты ақын көңілі қазір көз алдыңда дала емес — шексіз, кең тыныш теңіз жүзін көргендей: сол теңізге, өмір тарих мол мұхитына бір кеме жалғыз жалауын көтеріп жол тартты. Алға басты, белгісіз болса да, ғажайып шұғылалы бір жағаға — ұзақ сапарға басты, ол кеме жалауында «Тартыс», «Үміт» деген ұран бар. Халық өмірін үстіне арқалаған сол кеме «келешек» деген жағаға қарай тартты. Бұл — «Абай кемесі», кең, жайқын әлемде сенімді түзу жол сызып, маңып барады. Алға барады, ұзап барады. Биіктен қиял, алыс көкжиекке қадалып қараған Абай көзі, ой көзі сол кемеңі оң сапарға ұзатып, талмастан телміре қарап қалыпты»¹

Заман таланттарынан ұрпаққа қалған зәулім мұралар болады. «Шахнама», «Отелло», «Евгений Онегин», «Ревизор», «Соғыс және бейбітшілік», «Сегіз аяқ» осындай шығармалар десек, «Абай жолы да» аталған нұсқалар қатарында. «Абай» романын неше рет қайталап оқысам сонша, әрдайым жаңа бір ой, жаңа бір көркемдік, бұрын оқығанда байқамай кеткен тереңдік табам»², — дейді жазушы Ғабит Мүсірепов. Адамдардың жалпы өзгешеліктерімен бірге жалқы өзгешеліктерін ескерген Мұхтар, кейіпкерлердің заман уәкілдері болып көрінуіне назар салған, олардың хал-ахуал, іс-әрекетін, арманын, үмітін, сезім дүниесін бір-бірінен ажырата бейнелейді. Алуан адамдардың моральдық, психологиялық өзгешеліктері заманына сай көрсетіледі. Ел ішінің жақсысы, жаманы, байы, кедейі, ақыны, эншісі, өнерпазы, болысы, биі, сұмы, қуы, ұрысы, ұлығы тағы тағылары сыр-сипатын ашады. Сол кездегі салт-сана, жол-жора, сөз болады. Өмір оқиғалары, құбылыстары қиыса, топтаса келіп, бір тұтас тұлға жасайды, адақ-адақ қалпында көркемдік мән алып, жүйеге келмеген бытыраңқы фактілерді дарындылықпен композициялық қалыпқа келтірудің нақтылы үлгісі көрінеді. Сан алуан, шым-шытырық, қым-қуыт істер дүркін-дүркін ұшырасады, тоғыса-

¹ М. Әуезов, Абай. Екінші кітап, Алматы, 1955, 439-бет.

² Ғ. Мүсірепов. Кітапта: М. О. Әуезов. Алпыс жылдығына арналған мақалалар жинағы, ҚазССР ҒА баспасы, Алматы 1959, 39-бет.

ды, үйлеседі, оғаш көрінерлік, шығарманың сынын бұзарлық дардиган оқшау көріністер жоқ, көркемдік, идеялық жөнінен өзін ақтамаған кейіпкер таппайсыз, түрлі көріністердің бірін алып тастасаңыз эпопеяның тұлғасына нұқсан келгендей, бір халықтың бір кездегі өмірін бір шығарма аясына шеберлікпен сыйғыза білу бар.

Шығармадан дүлей ортаның өктемдігіне ұшырап на-дандық құшағында булыққан, асыл арманы ақталмай өмірі өксіген жандарды аз таппайсыз. Әділетсіздікке төтеп берер күш әлі шамалы. Талайлар азаптанады, қи-налады, қам көңіл, шерменде болады.

«Абай жолынан» философиялық, көркемдік шешім тапқан үш даналық байқалады. Оның бірі — халық ту-ғызған даналық, екіншісі — Абай даналығы, үшіншісі — Абай заманы жайын баяндау нәтижесінде туған Мұхтар тарапынан айтылған даналық. Осы үш даналықтың бір шығармадан үйлесе орын алуы — эпопеяның тынысын кеңіте түскен, жазушы тар аяға тығылмай, көркемдік дүниесінің кең өрісіне еркін шыға білген.

«Абай жолында» қоғамның жағымсыз жақтары са-рапқа салынады, оның көлеңкелі күйкі қалпы сыналады. Эпопея қазақ тілінің ой білдіруге орамды, алуан бояулы бай тіл екендігін, осы тілдің терең сезім, философиялық түсініктерді іркілмей жеткізерлік зор қасиетін аша тү-седі.

Шығармада жік-жікке топтастырылған адамдармен танысасыз. Әсіресе екі топ көбірек көзге түседі: мұның бірі — патша соңынан шұбырған озбыр ұлықтар болса, екіншісі — солардың ісіне наразы бостандық іздеген Абай бастаған топ.

«Абай жолында» тарих, философия, лингвистика, фольклор, этнография, право жөнінен құнды мағлұмат-тар көп. Салт-сана, жол-жора, қуаныш-жұбаныш, сүйі-ніш-күйініш, қайғы-қасірет, үміт-арман тағы-тағылардың сан түрлерімен танысасыз. Терең лиризм, психологизм, контраст, конфликт, диалог, монолог, пейзаждың тамаша үлгілерін көресіз.

Шығарманың өн бойынан салмақты орын алған Абай тұлғасын көрсеткен жазушы ақын туралы түрлі иллюстрация беру, эпизодтар топтастыру шеңберінде

қалмайды. Абайдың ісін дәлді бір оқиғаларға, халық тағдырына жанастыра көрсетеді. Елден жырақ жүрген Абайды көрмейсіз. Шығармадағы Абай — алдымен, жұрт қамын ойлаған, елді өнер-білімге үндеген қамқор ақын. Ол көргендеріне селсоқ қарамайды, надандық, озбырлық, қулық, сұмдыққа берілгендерді ащы сөзбен аластайды. «Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап», күні үшін біреуді алғап, біреуді алдап жүрген, азаматтық арын саудалағандардан безінеді. Ақыл айтады, адамшылыққа, әділдікке үндейді.

«Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан, сауық ойда жоқ әуел баста-ақ».

деген Абайды көресіз.

Абай екі егестің бір жағында жүреді. Оны даттаушылар да, ақтаушылар да аз емес, сахраны жайлаған надандық Абайға аз оралғы жасамағаны айтылады. Ақынның рухани өсуіне керекті жағдай шамалы болса да, ұлы дарын, терең парасат иесі Абай — тас жарып шыққан шынарға ұқсайды. Бұл шынар болашаққа мегзеп, заман озған сайын аспанға өрлей түскен сияқты. «Мыңмен жалғыз алысқан», халыққа жайлы өмір тілеген Абай үмітін кейінгі жастарға артады, солардың бірі деп дәмеленген Дәрменді еске ала келіп: «Артымнан мен жетпегенге жетіп, мен көкसेгендей ортаны көксеп ұшармысың алысқа! Жетермісің жақсы жайылымға? Мен ұшқаннан арыға ұшар болшы! Мен танымағаннан арғыны танышы, кейінгі елің көрер ырыс-қонысты барлашы!» — дейді.

«Абай жолында» баяндалған Құнанбай — айтқанына берік, қарыспа, өр кеуде адам. Ол — бір дуан елдің айбарлысы, сөздісі, ырқына көнбегендерді жазғыра, жасыта біледі, ақылға да, айлаға да шебер, бетіне бекем, қатал адам. Ол өз жағдайын ойлаудан аспаған әлеуметтік өресі шамалылардың бірі болып та көрінеді, Абайды сынап айтқан бір сөзінде: «Өзіңдегі барыңды арзан ұстайсың, жайдақсың. Жайдақ суды ит те, құс та жа-

лайды. Досқа досша, қасқа қасша қырың жоқ. Ішінде жатқан сыр ұшығы жоқ. Жұрт бастайтын адам ондай болмайды, орысшылсың»¹ дегендерді айтады. Қарсы дау айтқан Абай: «Ең әуелі жайдақ суға теңедіңіз. Қолында құралы бар, жалғыз-жарымға ғана пайдасы тиетін шыңыраудағы су болғанша, құралды, құралсыз кәрі, жасқа түгел пайдасы тиетін жайдақ су болғанды артық санаймын. Ел билеудің жайын сөз еттіңіз. Елді үркітіп, қорқытып, «айт, шайт» деп бағуға болмас; оның ыстық-суығына бірдей шыдау керек. Орысты айттыңыз. Халық үшін де, өзім үшін де дүниенің ең асылы — білім-өнер, сол өнер орыста. Халыққа пайдалы істі көрмеу, надандық болса болар, бірақ қасиет болмас»², — дейді.

Эпопеяда жан-жақты терең бейнеленген әйелдер образы аз емес. Жағымды әйелдер образын жасау жөнінде «Абай жолы» оқшау тұр; әйел қауымының жасы да, кәрісі де, абзалы да, данасы да алдыңыздан аңдыздап өтеді. Ұлжан, Тоғжан, Салтанат, Салиханың әрқайсысы бір шығарманың бас кейіпкері боларлық дәрежеде. Шығармадағы әйелдер — көбінесе заманының әділдік аңсаған адамдары, олар тұрмыстан лайықты үлес таппай, қиыншылықтарға көп ұшырайды. Ол әйелдер — сол кездің жол-жорасы, қатал шешіміне көнгендер. Ұлжан, Тоғжан жоқшылық зардабын көрген кедей-кепшіктің күн көріс азабы жанышқан әйелдері емес, алайда бұлар — лажсыздыққа, ішқысталыққа ұшыраған жандар.

Жарқын ойлы, терең сезімді, адамгершілігі мол, заманының парасатты әйелдерінің бірі есебінде көзге түскен Салтанат та тұрмыстың торына оралып, жал тауып жан сақтауды місе еткендей.

«Абай жолы» әсіресе сом тұлғасымен айрықша көзге түседі. Мұнда түрлі жанрлардың, оқиғалардың көркемдікпен үйлескен синтезін көресіз. Мұнда кең өрісті, мол оқиғалы эпос, шиеленіскен драма, сезімді тоқсан толқытқан лирика бар.

Абай шығармаларын, заманын, өмірін мұқият зерттеп, мағыналы ойларға мегзейтін күрделі еңбек жазу-

¹ М. Әуезов. Абай, I кітап, Алматы, 1955, 395—396-бет.

² Сонда.

дың бір үлгісі — М. О. Әуезовтің Абай туралы жазған ғылыми еңбектерінен көрінеді. 1959 жылы жариялаған «Әр жылдар ойлары» деген кітаптың Абайға арналған бөлімінде — ақынның өмірі, ортасы, заманы, қазақ әдебиетіне қосқан үлесі, әлеуметтік жарқын идеясы, тұрмыс құбылысына толғана қарап, қырағылықпен бостандыққа ұмтылғаны айтылады. Ақын шығармалары заманының айғағы, қазақ өмірінің айнасы екендігі көрсетіледі. Топ-топ топшылаулар, нәзік талдаулар беру арқылы Абай творчествосының әлеуметтік, көркемдік сыры ашылады. Ақынның заманына байланысты ерекшеліктері түсіндіріледі.

...Ақша беріп жалғасқан,
Ақысын әрең сол алды.
Орыс сияз қылдырса,
Болыс елін қармайды
Қу старшын аш билер
Аз жүрегін жалғайды...¹

деген Абай сөздерінің патшалық тәртіп қара жүректерін әшкерелеген терең мағынасын, бұл сөздердің адал арманды Абайға лайық сөздер екені айтылады.

«Әр жылдар ойларында» Абайдың өмірі айрықша сөз болады. Автор жеке-жеке шашырап жүрген халық аузындағы мағлұматтарды тәртіпке, ғылыми жүйеге келтіріп, ақынның өмірбаянын қалай жазудың арнасын белгілейді. Абайдың — өміріне қатысы бар деректерге сүйенеді. Әрине, М. Әуезов айтқандарымен Абайдың өмірбаянын жазу ісі аяқталмақ емес, мұны автордың өзі де ескертеді: «Абайдың өмірбаянын зерттеп, толықтырып, жазу жұмысы жетер өресіне жетіп аяқталған жоқ. Бірақ бұл күнге шейін шығармаларының әрбір толық баспасының тұсында сол өмірбаянына кіретін тың деген жаңалықтар қосыла түсіп, өсіп келеді»², — дейді.

Абай өз халқы даналығынан, батыс, шығыс әдебиеті, озық ойлы адамдарынан үлгі алды. Өз тәжірибесімен терең парасатына сүйеніп, мағыналы ойлар айтты, есті-

¹ М. Әуезов. Әр жылдар ойлары, Алматы, 1959, 10-бет.

² М. Әуезов. Әр жылдар ойлары, Алматы, 1959, 32-бет.

генінен, оқығанынан керектісін сұрыптай білді, елдің адал ұлы болу ісіне ерте ойысқан ол — жуандарды, пысықтарды көрді, сынады, өмірін бұқараның адал арманына арнады.

КӨРСЕТКІШТІ ҚҰРАСТЫРУҒА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ГАЗЕТТЕР МЕН ЖУРНАЛДАР

Қазақ халқының әдебиеті, мәдениеті, тарихы туралы шыққан кітаптар, Қазақ ССР ҒА хабаршылары, оқулықтар, хрестоматиялардан басқа пайдаланылған газеттер мен журналдар:

Ауыл
Большевиктік жол
Екпінді
Еңбекші қазақ
Известия
Комсомолец Туркестана
Қазақ әдебиеті
Казахстанская правда
Қазақ тілі
Қазақстан пионері
Ленин жолы
Ленинская смена
Лениншіл жас
Литературная газета
Правда
Прииртышская правда ✓
Сарыарқа
Советтік Қарағанды
Советское искусство
Советская Киргизия
Советская культура
Советская Россия
Социалистік Қазақстан
Социалистік құрылыс
Труд
Учительская газета
Учитель Казахстана

Әдебиет және искусство
Әдебиет майданы
Вопросы литературы
Дружба народов
Жаңа әдебиет
Жаңа мектеп
Жұлдыз
Знамя
Коммунист
Культура и жизнь
Литературный Казахстан
Литература и искусство Казахстана
Новое время
Новый мир
Огни Алатау
Огонек
Октябрь
Простор
Сапа
Советский Казахстан
Советское востоковедение
Таң
Шолпан

